

"Жыл сайын субсидиялауға жататын әрбір бағытқа арналған және өңірлердің бөлінісіндегі субсидиялар көлемі ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2013 жылғы 14 ақпандағы № 3-1/56 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 03 желтоқсандағы № 3-1/625 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 12 желтоқсанда № 8954 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 8 қазандағы № 3-2/905 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 8.10.2015 № 3-2/905 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

«Асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға арналған субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 35 қаулысын іске асыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Жыл сайын субсидиялауға жататын әрбір бағытқа арналған және өңірлердің бөлінісіндегі субсидиялар көлемі ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2013 жылғы 14 ақпандағы № 3-1/56 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімде № 8351 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақтың 4) тармақшасы алып тасталсын;
көрсетілген бұйрықтың 1-қосымша осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Министр

А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасы
 Ауыл шаруашылығы министрінің
 2013 жылғы 3 желтоқсандағы
 № 3-1/625 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы
 Ауыл шаруашылығы министрінің м. а.
 2013 жылғы 14 ақпандағы № 3-1/56
 бұйрығына 1-қосымша

**Асыл тұқымды өнім (материал) түрлерін мемлекеттік қолдау
 бағыттары бойынша өңірлерге бөлінген бюджеттік субсидиялардың
 көлемі**

Р/с №	Облыстар	Шығыстар баптары (мың теңге)								
		Асыл тұқымды төл	Асыл тұқымды ірі қарамал төлі	Шет елден әкелінген асыл тұқымды және таза тұқымды ірі қарамал төлі	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу	Асыл тұқымды етті бағыттағы тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу	Асыл тұқымды жұмыртқа	Ірі қарамал эмбрион көшіру	Тәуліктік балапандар	Өндіруші бұқалар ұрығы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Ақмола	1 550	90 388	95 880	649 521	8 840			7 100	
2	Ақтөбе	25 184	129 800	111 390	506 124	71 760				1 668
3	Алматы	111 183	162 250	164 500	1 372 706	12 688	608			29 496
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
4	Атырау	8 704	7 788		70 840					
5	Шығыс Қазақстан	292 236	109 740	461 151	799 500	1 040				39 288
6	Жамбыл	256 014	153 078	171 550	463 898					

7	Батыс Қазақстан	8 778	128 148	59 118	803 962	312		2 160		2 750
8	Қарағанды	73 775	145 612	54 648	845 730	8 320	73 758		22 000	
9	Қостанай	3 410	53 690	484 805	802 803	1 976				5 823
10	Қызылорда	62 058	49 209		217 065					5 945
11	Маңғыстау	5 000			19 470					
12	Павлодар	39 805	91 460	184 005	368 414	4 732			7 702	2 000
13	Солтүстік Қазақстан	2 049	141 600	208 680	468 602	1 976				720
14	Оңтүстік Қазақстан	152 019	52 746		368 987	2 287	16 757			
	Барлығы	1 041 765	1 315 509	1 995 727	7 758 621	113 931	91 123	2 160	36 802	87 691

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК